

*М.К. Жумакулова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Қазақ ұлттық хореография академиясы  
(Астана, Қазақстан)*

## **АДАМГЕРШІЛІККЕ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ РӨЛІ**

### **Аннотация**

*Мақалада қазіргі кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі – өскелең ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беру қарастырылады. Автор мұғалімнің басты міндеті тек білім беріп қана қоймай, өсіп келе жатқан ұрпаққа қазақ әдебиеті пәні арқылы халық педагогикасына негізделген үйлесімде адамгершілік, азаматтық, отансүйгіштік тәрбие беру екендігін жан-жақты талдап көрсетеді.*

***Түйін сөздер:** қазақ әдебиеті, салт-дәстүрлер, адамгершілік, халықтық педагогика, ұлттық құндылықтар.*

*М.К. Жумакулова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Казахская национальная академия хореографии  
(Астана, Казахстан)*

## **РОЛЬ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ В ВОСПИТАНИИ ПРАВСТВЕННЫХ И НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ**

### **Аннотация**

*В данной статье рассматривается актуальная проблема современного образования: духовно-нравственное воспитание подрастающего поколения. Автор отмечает, что задача учителя не только передавать знания учащимся, но и в традициях народной педагогики воспитывать в подростках патриотизм, гражданственность и нравственность. Такое воспитание подрастающего поколения гармонично осуществлять на уроках казахской литературы.*

***Ключевые слова:** казахская литература, традиции, нравственность, народная педагогика, национальные ценности.*

*М.К. Zhumakulova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Kazakh national academy of choreography  
(Astana, Kazakhstan)*

## **THE ROLE OF KAZAKH LITERATURE IN EDUCATION OF STUDENTS OF MORAL AND NATIONAL VALUES**

### **Annotation**

*The author reviews the problem of modern education which is spiritual and moral education of rising generation. To date along with quality of education, the special attention is spared to the spiritual, internal world of students. Priority and sense of our*

*life are this to inculcate moral values to the child. The author highlights that the aim of a teacher not only to give knowledge but also in to brings up teenagers' patriotism and morality on the lessons of Kazakh literature.*

**Key words:** *kazakh literature, traditions, morality, folk pedagogics, national values.*

Қазіргі кездегі білім берудің өзекті мәселесі – жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру болып отыр. Бүгінгі күні білім сапасымен бірге оқушының рухани, ішкі дүниесіне де көңіл бөлінуде. Баланың бойына жалпы адамгершілік-рухани қасиеттерді сіңіру – өміріміздің мәні, сәні, салтанаты, мархабаты, мәртебесі. Өйткені, баланың әдепті болып өсуі, ұядан көрген тәрбиесімен бірге, мектептен алған тәрбиесіне де байланысты [1]. Ұлттық тәрбиеге, салт – дәстүрлерге оралу қоғамның жай ғана ағымы емес, өмір талаптарынан туындап отырған қажеттілік.

Мектепте мұғалім тек сабақ беруші ғана емес, ол өзінің ақыл-ой парасатымен, ұлттық педагогикасымен ұштастыра отырып, жасөспірімдерді азаматтыққа, адамгершілікке тәрбиелейді. Ұрпақ тәрбиесі тілден басталады. Ұлттық психология мен дүниетанымдық көзқарасты қамтамасыз ететін де – тіл. Сондықтан қоғамның басты мақсаттарының бірі – сәбиден бастап, барлық жеткіншек жасөспірімдер туған елінің, жерінің рухани қоғамдық өмірін жетік меңгеруі үшін, әрбір жасөспірім өнегелік қасиеттен жұрдай болып қалмау үшін ана тілін білуді өмірлік қажеттілігіне айналдыру көзделіп отыр. Жүсіпбек Аймауытов білім негізі мектепте ана тілі арқылы меңгерілетінін баса көрсеткен: «Ана тілін жақсы меңгеріп алмай тұрып, өзге тілдерді меңгеру мүмкін емес...». Жүректің терең сырларын, басынан кешкен түрлі кезеңдерді ұрпақтан - ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын үлкен қазынамыз – тіл болып табылады. Қай кезеңде болмасын, үлгі – өнегелік қасиеттерді қалыптастыру қоғамдағы моральдік нормалардың негізінде жүргізіліп отырған. Жас жеткіншектің бойындағы өзгеше қабілеттерін жете түсіне білетін ұстаз, халық педагогикасының ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын жан-жақты терең білуімен қатар, өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде пайдаланғаны дұрыс деп ойлаймын [2]. Жасөспірімдерді инабаттылыққа, парасаттылыққа тәрбиелеуде халықтық салт - дәстүр қашанда халық тәрбиесін үлгіге ұстау керек. Ал, адамгершілікке тәрбиелеудің басты ерекшелігі оның бар сенімін қалыптастыру болып табылады. Айтылған қасиеттерді балаға жас кезінен сіңірте алсақ, жақсы қасиеттерді бере алғанымыз деп ойлаймын. Адамгершілік – адамның рухани арқауы болып табылады. Сондықтан халық педагогикасы – қоғамның тарихи, мәдени және

адамгершілік қарым-қатынастарындағы ең қымбат қазынасы деп бағалау керек. Оқушыларға ұлтымыздың әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін үйрету, оқушы ойына ұялату арқылы инабаттылыққа, адамгершілікке, ұлтжандылыққа, өз салт-дәстүрін құрмет тұтуға баулу – ұстаздардың алдындағы жауапты ісі деп түсінемін [3]. Бүгінгі кезеңде өзге халықтармен теңесіп, дамыған елдер көшінен көрініп келе жатқан біз үшін ұлттық салт - дәстүрімізді жетік меңгеріп, ұлттық болмысымызды сақтап қалу өте қажет деп білемін. Сондықтан еліміздің болашағын тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатып отырған ұстаздар үшін бұл ең басты жауапкершілік деп ұғынып, өз сабағымда басты мәселеге нақты назар аударуға көңіл бөлемін. Сабақ барысында шәкірт бойына қазақ халқының сан ғасырлық сарқылмас асыл мұрасын тиімді меңгерту жүзеге асырылуы керек. Бұл туралы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев та: «Біз өзге елге өз тіліміз бен салт – дәстүрімізді сақтап қалуымызбен қадірлі боламыз» – деген еді. Нақты қазақ әдебиеті пәнін оқытуда халық педагогикасына баса назар аудармай өтуге болмайды. Сөз өнерінің сұлу кестелері олардың сөйлеу қорын байытып, мағыналы да мәнді сөйлеуге жаттықтыра беретіні сөзсіз. Халықтық шығармалар ішіндегі әр жақты айқын бейне, қызықты оқиға, әдемі қисын, жақсы ұйқастардың бәрі балаларды қуантып, еліктіре әсер етіп, ой-пікірін шыңдайтыны сөзсіз. Сондықтан халық ауыз әдебиеті үлгілерін оқытуда тек оны оқытып, жаттатып, талдатып қана қоюға болмайды. Шығармалар арқылы адамгершілікке тәрбиелеу керек. Мысалы: 6-сыныпта «Алып Ер Тұңға» жыры тақырыбын өткен кезде ауыз әдебиетінің түрі жоқтауға тоқталып, түсіндіру қажет. Жоқтау – осы жырдың ең соңғы тарауында берілген. Аяулы адам қаза болғанда жоқтау айту дәстүрі түркі халықтары арасында күні бүгінге дейін сақталған. Халық ауыз әдебиеті үлгілерінен басқа ақын-жазушылар шығармаларын оқытуда да халықтық педагогикаға соқпай өтуге болмайды. Қазақ даналығының алтын қазынасы қазақ тілі мен әдебиетінде екендігінде және ғасырлар бойы көшпелі қазақ жұртының өмірден жиған тәжірибесі, бүгінгі күнде үлкен үлесін қосып отырғанын оқушыға дәлелмен жеткізу керек. Мысалы 6-сыныпта Мұхтар Мағауиннің «Бір атаның балалары» әңгімесін өткен кезде Зигфрид Вагнерді ауылға әкелген бала арасынан Ахмет шалдың асырап алуы, оны үйіне әкелген соң баласын сүндетке отырғызғаны, асық жілік ұстатар тойын қазақ халқына тән салт –дәстүрлер деп жай айтып қана қоймай, мағынасы аша түсіндірілуі қажет. Бар баласын соғысқа аттандырып, қара қағаз алып, шаңырағым шайқалып, отым өшті деп қайғырып жүргенде Зекен Ахмет шалдың үміт шырағын жақты. Өзінің бар мейірімін, ұлттық қасиетін осы Зекен бойына сіңіруге тырысты. Сондықтан

Зекен бірден өзінің туған үйіне тап келгендей сезінді, бөтенсімей, сіңіп кетті. Әке мен ананың ыстық құшағы, аялы жұмсақ алақаны, махаббаты Зекенді тез арада қазақ ұлы етіп жіберді. Оқушыларға қызықты тақырыптардың бірі – Қабдеш Жұмаділовтің «Қозыкүрен» әңгімесін оқытқан кезде Саяқбай сыншының Қозыкүренді сынай отырып, оның тек жай ғана жүйрік ат екендігін айтып қоймай, Қозыкүрен арқылы жануар болса да, туған жерін аңсауына көз жеткіземіз. Қозыкүрен еліне айшылық алыс жерден келіп, бір жұмадан соң жан тапсырған кезде оны, арулап қоюын, жоқтауын кездестіреміз. Және осы әңгімеде қырғыз жұртында қонаққа бас ұсынбаса да, бірақ қазақ жөнінде жүйрік білетін Төреқұл төрде отырған Ағыбайдың алдына әдейілеп бас тартты және кетерінде бұйымтайынды бүкпей айтып, қалағаныңды алып кет,- дейді. Бұл шығармадағы «бас ұсыну», «бұйымтай сұрау» да қазақ халқына тән жоралғылар [4]. 7-сыныпта Ш. Мұртазаның «Жүз жылдық жара» әңгімесінде кездесетін наным – сенімдерге, қадір – қасиетке халық неге сенетініне тоқталған жөн. Ал Ғ.Мүсіреповтің «Боранды түнде» әңгімесін оқытқан кезде, оқушы Қайсармен бірге қыз алып қашу кезіндегі боқмұрынның әрекеттеріне ризашылықтарын білдіреді, олардың жоспарларына көңіл аударып талдай алады және өз ойларын ашық білдіреді. Бұл әңгімеде қалың мал, сүндет мал деген сөз тіркестері қолданылған. Шығарманы талдау барысында бұл ұғымдарды мәтін желісі арқылы меңгерту қажет. Сол себепті, сүндет – мұсылмандардың бір міндеті болса, қалың мал – екі жақтағы сыйластықты, татулықты нығайтатыны туралы мағлұмат беріледі. Оқушы санасында халқымыздың салт-дәстүрі мен кәде-жоралғысының өзіндік бір мәні, ізгілікке, парасаттылыққа тәрбиелейтін ерекшелігіне тәнті болады. Осы тұрғыдан келгенде, мысалға, мен өз тәжірибемде 8-сыныпта Ш.Құдайбердіұлының «Қалқаман – Мамыр» поэмасын өткеннен кейін, оқушылар поэма мәтінінен салт – дәстүр ұғымдарын (құда түсу, қыз алып қашу, бастаңғы жасау) келтірсе, қазіргі кезеңмен салыстыра отырып, өз ойларын ортаға салады [5]. Ал Ж.Аймауытовтың «Әнші», О.Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат», С.Мұратбековтің «Жусан иісі», С.Мұқановтың «Саятшы Ораз» шығармаларын оқыту кезінде орта ғасырдағы құсбегілік өнер көшпенділер арасында жете дамығандығын, саятшылық көшіп – қонған халық үшін тіршіліктің өзекті бір саласы болып келгенін, сондай-ақ ол әскери жаттығудың шынығып-шыңдалудың тамаша үлгісі болғанын, жаугершілік замандарда қыран құстарымен дүйім жұртты асыраған құсбегілердің болғанын әңгімелей отырып, мағынасын терең түсіндіруіміз керек. Сонымен қатар, ұлттық намысы мен жігерін оятуға, Отанын, туған жерін сүйуге және бала бойына жақсы әдеттерді қалыптастыруға

бағыттауымыз керек. Осы шығармалардың әрқайсысынан халықтық салт – дәстүрлердің көрініс алып отырғаны түсіндірілуі тиіс [6].

Қазақ ұлттық хореография академиясында да оқушылар мен колледж студенттеріне қазақ халқының ұлттық нақыштары, ойын – сауықтары би өнерінде де көрініс тауып келе жатқандығы түсіндіріледі. Лиро – эпостық жыр «Қыз Жібек» спектаклінде би қойылымы молырақ кездеседі. Би суреттерін ұлттық ойындардан, салт – дәстүрлерден және еңбек процесіндегі нақты тақырыптардан алуға болады. Мысалы: Шашу шашу рәсімін алайық. Үйлену тойында күйеу жақтан жасы үлкен бір адам – әйел (анасы), үлкен жеңгесі, үлкен апасы (әпкесі) келіннің басынан жастарға ерлі – зайыптылық өмірде бақыт пен шаттық, мейірімділік пен молшылық, жақсылықтар тілей отырып, шашу шашқан. Бұл сыйлықты таратқан адамның жомарттығының, қолы ашықтығының белгісі болып табылады. Ауқатты отбасыларда шашу ретінде алтын жүзіктер мен күміс сақиналар тағы басқа бағалы заттар шашылған. Бұл тойда шашуды үй иесіне етене жақын туысы не болмаса құдағайлары, қыз – келіншектер шашатын болған. Шашу шашу дәстүрі халық өмірінің белсенді көрінісін бейнелейді. Немесе киіз басу еңбек процесін алсақ, мұндағы іс – әрекеттерді биге оңай айналдыруға болады [7].

Жалпы, қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнін оқыту кезеңінде халық педагогикасын пайдалану, бүгінгі күнмен байланыстыру оқушыларға терең түсінік беру, оған жауапкершілікпен қарау міндетін ұғындыру қажет. Осындай жауапкершіліктің нәтижесінде ғана жаңа ғасыр ұрпағы мықты да, өз елін, салт – дәстүрін шексіз сүйетін ұлтжанды азамат бола алады деп ойлаймын.

Қазақ халқының ұлттық тәлім тәрбиесі мен мәдениеті талай халықтардың өкілдерін таң қалдырғаны тарихи жазбалардан белгілі. Ендеше, осындай адамзат баласының рухани тәжірибесінен туындаған, халықтың қалпынан шыққан, ұлттың жан-дүниесін ашатын рухани игіліктер жаны мен тәні сау, бақытты ұрпақ өсіріп, дәулетті елде өмір сүретінімізге сенім мол. Ұлылықты, халқымыздың бай саралы да саналы дәстүрлерін еліміздің болашағы - өзіміздің алдымызда отырған ұрпағымызға үйрету – ұстаз қауымының бірінші міндеті деп білемін.

### Әдебиеттер:

1. Саймасева Л. Адамгершілік – асыл қасиет // «Жайық ұстазы» газеті. – 2012.
2. Әбілова З. Этнопедагогика. – Алматы, 1997.
3. Халықтық педагогика және оның тәрбиелік мәні // Қазақстан мұғалімі. – №21. – 2004.
4. Тұрсынғалиева С., Бәкенова Г. «Қазақ әдебиеті» 6 сынып. Оқулық. – Астана: Арман-ПВ, 2013.

5. Құрманбай Г., Рауандина А. «Қазақ әдебиеті» 7 сынып. Оқулық. – Алматы: Мектеп, 2008.
6. Мақпырұлы С., Қыраубайқызы А., Құрымбай К. «Қазақ әдебиеті» 8 сынып. Оқулық. – Алматы: Мектеп, 2016.
7. Ізім Т.О. Уақыт және би өнері. – Алматы: Мир, 2016. – 208 б.

### References:

1. Sajmasaeva L. *Adamgershilik – asyl qasiet* // «Zhajyq ustazy» gazetі. – **2012**. (In Kazakh.)
2. Abilova Z. *Etnopedagogika*. – Almaty, **1997**. (In Kazakh.)
3. *Halyqtyq pedagogika zhane onyn tarbielik mani* // Qazaqstan mugalimi. – №21. – **2004**. (In Kazakh.)
4. Tursyngalieva S., Bakenova G. «Qazaq adebieti» 6 synyp. Oqulyq. – Astana: Arman-PV, **2013**. (In Kazakh.)
5. Qurmanbaj G., Rauandina A. «Qazaq adebieti» 7 synyp. Oqulyq. – Almaty: Mektep, **2008**. (In Kazakh.)
6. Maqpyruly S., Qyraubajqyzy A., Qurymbaj K. «Qazaq adebieti» 8 synyp. Oqulyq. – Almaty: Mektep, **2016**. (In Kazakh.)
7. Izim T.O. *Uaqyt zhane bi oneri*. – Almaty: Mir, **2016**. – 208 b. (In Kazakh.)

**АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ:**

1. **Мурзагулова Анель Мурзагуловна** – өнертану магистрі, «Астана мюзикл» театрының әртісі;
2. **Джиренбаева Алия Ержановна** – өнертану магистрі, «Астана мюзикл» театрының әртісі;
3. **Эдмундс Вейзанс** – педагогика докторы, доцент, Латвия мәдениет академиясының Латвия мәдениет колледжі;
4. **Айтқалиева Қарлығаш Дайырғалиқызы** - өнертану кандидаты, доцент, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті;
5. **Моисеев Евгений Сергеевич** – өнертану магистрі, аға оқытушы, Қазақ ұлттық хореография академиясы;
6. **Кульбекова Айгуль Кенесовна** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық хореография академиясы;
7. **Хо Ольга Владимировна** – кәсіптік білім беру мектеп-колледжінің оқытушысы, Қазақ ұлттық хореография академиясы; Оңтүстік Орал мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық университетінің магистранты;
8. **Имамбекова Эльвира Жумабековна** – кәсіптік білім беру мектеп-колледжінің оқытушысы, Қазақ ұлттық хореография академиясы.
9. **Сақтағанов Балабек Кеништаевич** – PhD доктор, доцент, Қазақ ұлттық хореография академиясы;
10. **Пхаладзе ЭкаATERИНА Омаровна** – докторант, Сухум мемлекеттік университеті.  
*Ғылыми жетекшісі Нана Куция* – қауымдастырылған профессор, Сухум мемлекеттік университеті.
11. **Ахметова Әсима Байжанқызы** – кәсіптік білім берудегі мектеп-колледжінің физика және информатика пәні мұғалімі, Қазақ ұлттық хореография академиясы;
12. **Жумақулова Мергул Канатовна** – кәсіптік білім берудегі мектеп-колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақ ұлттық хореография академиясы.